

ӘОЖ 811.512.122

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ЭТНОГРАФИЗМДЕРДІҢ ЖАСАЛУЫНДАҒЫ ВАЛЕНТТІЛІКТІҢ ҚЫЗМЕТІ

Құдайбергенов Жандәулет Сандыбекұлы

[zhandaulet1797@mail.ru](mailto:zhandaulet1797@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 1-курс магистранты,  
Нұрсұлтан қ., Қазақстан

Ғылыми жетекші: қазақ тіл білімі кафедрасының доценті, ф.ғ.к. С.С.Шоқабаева

Қазақ тіл білімінде валенттілік терминінің аясы кең. Себебі тілімізде валенттілік ұғымы тіл деңгейлеріне сай әр кезеңде өрісін кеңейтіп, қалыптасты. Мәселен, түбірдің валенттілігі, сөзжасамдық жұрнақтың, түбірдің валенттілігі деген сияқты терминдер сөзжасамға қатысты қалыптасса, семантикалық валенттілік термині лексикология саласына қатысты орнығып, дамыды.

Қазақ тіл білімінде семантика саласының өзге салалармен салыстырғанда кешірек дамығанына байланысты, валенттілік пен сөз семантикасының байланысын зерттеу қазақ лингвистикасында өзекті тақырыптардың бірі болып табылады. Әсіресе, сөзжасам жеке сала ретінде танылғаннан бері оның тілдік бірліктерін тануда, айқындауда кейбір мәселелерге қатысты ғалымдар арасында пікірталастар бар.

Сөздің валенттілігі – басыңқы сыңардағы сөз бағыныңқы сыңарын өзіне белгілі бір формада қосып алу қабілеті. [1, 19-б.]. Бағыныңқы сыңарсыз басыңқы сыңардың мағынасы толық ашылмайды. Мысалы, *береді* деген етістік 3 валентті. Яғни, бұл сөзді қолданғанда, біз мына үш орынды толтыруымыз керек: *кім, нені, кімге – Мұғалім балаға кітапты ұстатты*. Сөздің валенттілігін білмей, оны дұрыс қолдану мүмкін болмайды. Сол себепті, валенттілік жайындағы ақпараттар мен зерттеулер тілді зерттеуде өте маңызды.

Тіл біліміне бұл ұғымды алғаш енгізген С. Д. Кацнельсон (1948) болса, «валенттілік» деген терминді енгізген Л. Теньер болды. Алайда, ол валенттілікті тек етістікпен ғана байланыстырып, етістік өзіне қоса алатын актанттардың санын анықтайды деп түсінген. Л. Теньер концепциясының дәстүрлі грамматикадан негізгі айырмашылығы – дәстүрлі грамматикада тұрлаулы мүшелерге бастауыш пен баяндауышты жатқызсақ, ол сөйлемнің тек бір ғана тұрлаулы мүшесі болады деп санаған. Ал, бастауышты толықтауыш, пысықтауыштармен бір қатарға қойып, етістіктің актантары ретінде қараған. Л. Теньердің бұл теориясы одан әрі қарыштап дамып, Ж. Фурке, Х. Брикман, И. Эрбен, В. Шмидт сынды ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты қарастырылды. Дегенмен, тіл-қоғаммен, заманмен тікелей байланыста болған соң, заман дамыған сайын лингвистикада көптеген өзгерістер болды. Соның бірінде, В. Г. Адмони, С. Д. Кацнельсон, Н. И. Филичева сияқты ғалымдар валенттілік теориясының басқа да сөз таптарына тән құбылыс екенін өз зерттеулерінде алға тартқан [1, 8-б.].

Қазақ лингвистикасында бұл теорияға алғаш қалам тартқан М. Оразов болды. Ол өзінің «Қазіргі қазақ тілдігі қалып етістіктер» деген еңбегінде «қалып етістік – өзі байланысқа түсіп жатқан сөздің табыс септігінде болуын міндеттейді. Ол оның сыртқы валенттілігі. Дегенмен, сөздер тек тұлғалық тұрғыдан ғана емес, мағналық тұрғыданда үйлесуі керек» - дейді. [2, 174-б.]

Қазақ тіл біліміндегі валенттіліктің теориялық мәселелері, тіл деңгейлеріндегі сипаты, сөз таптары және тіркесімділік ұғымдарымен арақатынасы М.Оразов, М.Әлиева, Б.Әбдіғалиева, А. Салқынбай, Н. Құрманова, М. Жолшаева, Д. Қарағойшиева, Ғ. Хасанов т.б ғалымдардың зерттеулерінде әртүрлі қырынан зерттеу нысанына алынып, аса күрделі әрі маңызды құбылыс ретінде қарастырылады[3]. Осы зерттеулер негізінде қазақ лингвистикасындағы валенттілік теориясының рөлі, маңызы, ерекшеліктері мен өзекті мәселелері анықталды.

Валенттілік ұғымы – барлық тіл деңгейлеріндегі тіл бірліктерімен тікелей байланыста болғандықтан, оның семантикалық, логикалық, морфологиялық, синтаксистік және сөзжасамдық түрлерін бөліп көрсете аламыз. Сонымен қатар, антропоөзектік парадигма негізінде пайда болған «прагматикалық валенттілік» те дәстүрлі емес, жаңа бағыттардың бірі болып табылады.

Г. Хельбигтің топтастыруында валенттіліктің тек үш түрі ғана аталып, прагматикалық валенттілік көрсетілмейді. Соның ішінде логикалық валенттілікті ұғымдық мазмұнның арасындағы тілдік емес қатынаспен, семантикалық валенттілікті «сөздердің валенттілікті тасушы ретінде белгілі бір семантикалық белгілері бар контекстік сыңарларды талап етуімен», ал синтаксистік валенттілікті ашық позицияларды облигаторлы не факультативті түрде толтыруға құрылуы мен байланыстырады [1, 11-б.]. Қазақ тіл білімінде зерттеуші Ғ.Хасанов жалпы тіл біліміндегі валенттілік мәселесіне қатысты теориялық тұжырымдарды негізге ала отырып, «тілде валенттіліктің үш түрі бар, яғни заттық-логикалық валенттілік, семантикалық валенттілік, синтаксистік валенттілік» [1, 11-б.] деп, ал М.Жолшаева синтаксистік және семантикалық деп 2 түрге бөлген.

Негізінен, қазақ ғалымдары синтаксистік бірліктерді қарастыру барысында валенттілік теориясына тоқталып отырған. Себебі, сөйлем түзудегі негізгі мәселелердің бірі – сөздердің өзара байланысы.

Тіл бірліктерінің тіркесімдік қасиеті сөз семантикасына тікелей қатысты. Дегенмен, семантикалық валенттілік әлемдік лингвистикада тереңінен қаралса да, қазіргі қазақ тіл білімімізде өзекті мәселелердің бірі болып тұр. Валенттіліктің бұл түрі екі сөз белгілі бір грамматикалық байланысқа түскенде ғана айқындалады. М.Кронгауз «сөздердің басқа сөздермен семантикалық қатынасқа түсу қабілеті» деп анықтама берсе, Ю.Д.Апресян «Семантикалық валенттілік сөзге синтаксистік жағынан тәуелді сөздердің қосылуы» деген [1, 11-б.]. Ал Ғ.Хасанов болса, семантикалық валенттілікті етістікпен ғана байланыстырып, етістіктің мейлінше көп сөзбен тіркесуін семантикалық валенттілік деп санаған. Г.Сыздықова семантикалық валенттіліктің бірнеше белгілерін көрсетіп, оған мынадай анықтама береді: «Семантикалық валенттілік – сөздің лексикалық мағынасына тікелей тәуелді, мазмұн межесінің бірлігі ретінде көрінетін, тілдік нормамен байланысты, объективтік сипаттағы, әрбір сөздің өзіне тән жеке семантикалық ерекшеліктерімен белгіленетін маңызды қасиеттерінің бірі» [1, 17-б.].

Бұл мақалада валенттілік, оның түрлері, этнографизмдерінің валенттілік сипаты сияқты мәселелер қарастырылады.

Қазақ тіл білімінде этнолингвистиканың алғаш зерттеген Ә.Қайдар болатын. Ол этнографизмдер жайында: «Этнографизмдер дегеніміз – тұрмысымызда болған, әлі де қолданылып келе жатқан күнкөріс бұйымдарының белгілі бір кәсіпке, шаруашылыққа, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге, баспанаға, киім-кешекке, ішер асқа, туыстық қатынасқа, ел билеу ерекшелігіне, заң тәртібіне, әдеттік құқыққа байланысты қолданылатын, халқымыздың тұрмыстық және тілдік өзіндік ерекшелігін көрсететін арнаулы атаулар мен сөз тіркестері», – дейді [4, 19-б.].

Этнолингвистиканың объектісі – ұлт тілі болса, сол тіл арқылы ұлттың мәдениетін, сенімін, дәстүрі мен болмысын тану оның мақсаты болып табылады.

Сөздер сөйлем ішінде тек өзінің тіркесіп тұрған тіл бірліктерімен ғана емес, қашықтықтан тұрыпта байланыса беретіні бізге белгілі. Олардың бір-бірімен байланысуы тек белгілі бір грамматикалық формалар арқылы ғана емес, семантикалық

тұрғыданда үйлесуі керек. Ол туралы ғалым М. Оразов: «Егер бұл екі байланыстың біреуі жоқ болса, не сөйлемдегі айтылатын ой толық жеткізілмейді, не мүлде түсініксіз бір нәрсе болып шығады» [5, 194-б.].

Зат есімдердің сөз тіркесіндегі семантикалық валенттілігін қарастырғанда ондағы әрбір элементтің мағынасына көңіл бөлуіміз қажет. Мысалы, «асау» деген этнографизмді алатын болсақ, түсіндірме сөздіктегі анықтамасы: «жүген – құрық тимеген, қолда ұсталмаған» деп берілген [6, 164-б.]. Дегенмен, біз бұл сын есімді кез-келген зат есіммен тіркестіре алмаймыз. Ғалым М. Оразовтың айтуы бойынша, асау сөзі тек жылқы мен төрт түлік малға ғана қатысты. Ол өз мысалында былай деп көрсетеді: «... Сондықтан да асау мысық, асау тауық, асау шошқа т.б. тіркестер қолданылмайды. Бұл сөзді адамға байланысты қолданғанда мағынасы өзгереді» [5, 194-б.]. Сонымен қатар, ғалым өзге этнографизмдерден болған сын есімдерді қарастыра келе, *үркек ат, сүзеген сиыр, қабаған ит* деген тіркестер мағыналық жағынан үйлесіп тұрғанын және оны басқаша түрлендіріп, *үркек сиыр, сүзеген ешкі, тебеген қой* деген тіркестердің болмайтынын алға тартады.

Сөз тіркесінің өзін біз синтаксисте қарастыратынымыз белгілі. Ал, сөз тіркестерінің өзі тіл бірліктерінің белгілі бір байланысқа түсуі арқылы жасалады. Бұл жерде бізге сөз таптары көмекке келеді. Сөз тіркестерінің ішкі және сыртқы байланысын ғалым Г. Сыздықова: «Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің синтаксистік байланысы олардың сыртқы формасына қатысты анықталса, семантикалық байланысы сөз тіркесі құрамындағы сөз таптарының арасындағы мағыналық ортақтыққа негізделеді. Сөз таптарының валенттілік байланысын анықтауда олардың сөз тіркесі құрамындағы осы қызметі, яғни байланыс құралы ретіндегі қызметі негізге алынады.» деп түсіндіреді [5, 121-б.].

Зат есімдер өзге сөз таптарымен байланысқа түскенде, тіркестің сол жақ бөлігінде, яғни, алдыңғы сыңары ретінде бағыныңқы қызмет атқарады. Мысалы, *ақпейіл жігіт, бұл дүние, сүт пісірім уақыт, егіз қозы* деген этнографизмдерде басыңқы сыңары зат есім болса, бағыныңқы сыңардағы сын есім, есімдік, үстеу, сан есім мәнді сөздер тіркестің алдында келіп тұр.

Сөз таптарының семантикалық валенттілігінің тағы бір ерекшелігі - бір сөздің бірнеше мағынаға ие болуы арқылы тіркесімділік қабілетінің жоғары болуы. Яғни, сөздің әр мағынасына үйлесетін бағыныңқы сыңарлардың көп болуына байланысты валенттілік қабілетінің жоғары болуы. Мысалы, *байлық* деген этнографизмді алатын болсақ, Ә. Қайдар өз еңбегінде байлықтың бірінші мағынасын «мол дүние» деп анықтаса, екінші мағынасын «байлық – тек материалдық ұғым ғана емес, сонымен қатар астарында өзіндік дала интелектісі, зиялы дүниетанымы бар, этностың барлық тірлік – тіршілігімен, оның салт-дәстүр, наным-сенім т.б. өркениетті ұғым-түсінігімен өріліп жатқан философиялық ұғым» деп ашады [7, 38-б.]. Осы екі мағынасына қарай *асқан байлық, бар байлық, тіл байлығы, табиғат байлығы, рухани байлық, жер байлығы* деген сияқты тіркестер қалыптасқан.

Келесі бір ерекшелігі, әртүрлі сөз табынан жасалған сөз тіркестерінің тіркесімділік қабілетінің біркелкі болмауы. Зат есімнің өзге сөз таптарымен, соның ішінде сын есіммен, мағына жағынан үйлеспейтін 3 түрін қарастырсақ болады. Олар: бір мағыналық топтағы сөздердің, синоним сөздердің және заттың немесе құбылыстың (зат есім) жеке қасиеті мен ерекшелігіне байланысты бір-бірімен үйлеспейді. Мысалы, *жыртқыш аңдарды, жеке қасиеттеріне байланысты, сипаттағанда айлакер, айбатты, қайратты, азулы* деген сөздермен тіркестіре аламыз, бірақ *мейрімді, жомарт, сұлу* деген тіркестер болмайды. Сонымен қатар, *үшкір жебе, өткір найза* деген сөз тіркестері болмайды. Себебі, бұл қару түрлері табиғатынан осындай қасиеттерге ие.

Жоғарыда айтылған үйлеспешіліктер зат есімнің сан есіммен, есімдікпен тіркесуінде де келеді. Мысалы, «*қар*», «*жаңбыр*» сөздерінің сыртқы формасы жекеше болып көрінгенмен, негізінде оның мөлшерін санмен *бір қар, екі жаңбыр* бере алмайтынымыз немесе туыстық немесе достық қарым-қатынастарда *үшінші бөле, төртінші дос* деген тіркестердің жоқтығы сан есімге мысал бола алады.

Морфологиялық валенттік – бір сөз құрамындағы негіз бен морфемалар арасындағы байланыс. Ол туралы А.Салқынбай: «Қазіргі тілде синтетикалық тәсіл арқылы жасалған туынды сөздердің сандық жағынан басымдылығы байқалады. Олардың тіркесуінде валенттік заңы қатаң сақталып, синтагматикалық қатынас орайды. Синтагматикалық қатынас сөз мағыналарының тарихи тұрғыда қалыптасқан семантикалық кешеннің болуымен түсіндіріледі», – деп жазады [8, 234-б.].

Ә.Қайдардың «Қазақтар ана тілі әлемінде» атты этнографизмдер сөздігіндегі *жан, дүние* сөздерінің тіркесімділік қабілетін зерттеп, сонымен қатар, *бір, ақ, ақыл, қатын, су* сөздерінен жасалған этнографизмдерді қарастырдық.

Жан түбірінің валенттік қасиеті – оның өзге сөздермен тіркесу, бірігу арқылы туынды сөз жасай алуы. Мысалы: жан түбірінен өрбіген сөзжасамдық ұяның бірінші сатысында 26 туынды сөз жасалған. Бұл жан сөзінің басқа сөздермен валенттілігінің сәйкес келуіне байланысты жасалған туынды сөздер. Түбірдің көп сөз жасау қабілеті оның валенттілігінің жоғары екендігін дәлелдейді.

Жан→жанын салу

- жан азабы
- жанайқай
- жаналғыш
- жан алқымына тақалу
- жан ауыртпау
- жанашыр
- жан бақты
- жан беріспеу
- жан біту
- жанға жайлы
- жан дүние
- жан жар
- жан жолдас
- жан сақтау
- жан сүйсінер
- жан ұшыру
- жаны жадырау
- жаны берік
- жаны мұрнының ұшына тақалу
- жанына бату
- жаны тебірену
- жанын шүберекке тігу
- жаны түршігу
- қыздың қырық жаны бар
- жанын пида ету

Дүние→ байтақ дүние

- фәни дүние
- дүниеден өту
- дүниеге келу
- дүниеге көзі тоймау
- дүниеқоңыз
- дүние кезу
- дүниенің бүлінуі

Бір→бірегей

- біртоға

→біртума

Ақ→ақкөңіл  
→ақжарқын  
→ақпейіл

Ақыл→ақылды  
→ақылман  
→ақылшы  
→ақылгөй

Қан →қанқұйлы  
→қаныпезер  
→қанішер  
Қатын→қатынбасшы  
→қатынқұмар  
→қатынпаз

Су→сумұрын  
→сукит  
→сужүрек  
→суайт

Қорытындылай келгенде, тіл бірліктерінің бірізділігі, үйлесімділігі қазіргі қазақ тіл білімінде ерекше мәнге ие болып отыр. Себебі, тіл бірліктерінің бір-біріне сыртқы және ішкі форма тұрғысынан байланысуы валенттілік құбылысына байланысты.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сыздықова Г.О. Қазақ тіліндегі семантикалық валенттілік. – Астана: ЕҰУ баспасы, 2013. – 357 б.
2. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктері. – Алматы, 1980. – 174 б.
3. Сыздықова Г.О. Валенттіліктің лингвистикалық ұғым ретінде зерттелуі. //ЕҰУ ғылыми электронды кітапханасы. Қолжетімді ресурс: <http://repository.enu.kz/bitstream/handle/123456789/2815/valenttiliktin-lingvistikalik-ugym-retinde-zerttelui.pdf>
4. Қайдар Ә. Этнолингвистика //Білім және еңбек. – № 10, 1985.
5. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: Рауан, 1991. – 216 б.
6. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Даңқ-пресс, 2008. – 964 б.
7. Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде. – Алматы: Даңқ-пресс, 2009. – 778 б.
8. Салқынбай А.Б. Тарихи сөзжасам: семантикалық аспект: филол. ғыл. д-ры. ... дис. колж. – Алматы, 1999.